

УДК 364.075.71

**NEET ЖАСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДЕГІ
ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ**

Мехлис Ғалия Нұркенқызы
galiyamekhlis@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті әлеуметтану кафедрасы
«Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Ж.Ж Сембина

Қазіргі таңда жастардың оқу бітіріп, жұмысқа орналасу мәселесі барлық дамыған мемлекеттер мен өтпелі экономикалық елдерде кездесетін өзекті мәселелердің біріне айналды. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) 2021 жылғы есебіне сәйкес, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі жалпы орташа көрсеткіштерден 2-3 есе асады [1]. Сонымен қатар, күндізгі және кәсіптік білім алатын жастар да бар, олар заңды түрде жұмыс күші болып табылмайды. Бұл тұрғыда жұмыс істемейтін, білім алмайтын және кәсіби даярлықтан өтпеген жастарды арнайы категория ретінде қарастырады. Оларды «NEET жастары» деп атайды. Алғаш рет «NEET», «NEET жастары» немесе «NEET ұрпағы» ұғымдары Ұлыбританияда қолданылды, одан кейін Еуропаның басқа елдерінде, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда және Тайвань елдерінде кеңінен таралды.

Әлем бойынша статистикаға жүгінетін болсақ, 2021 жылы мұндай мәселелері бар жастар саны жалпы халық санының 11,5%-ын құрады. Оның ішінде білім алмайтын және жұмыс жасамайтын жастар саны – 42,8% [2]. Ұлттық статистика бюросы бойынша, Қазақстанда 2021 жылы бұл көрсеткіш 7,4% немесе 250 мыңнан астам адамды құрады [3].

NEET жастарының пайда болуының бірнеше себептері бар. Объективті себептер: жұмыс орындарының қысқартылуы, білім алуға деген көзқарастың девальвациясы, отбасының материалдық жағдайының төмен болуы, елдегі әлеуметтік қолдау

бағдарламаларының тапшылығы. Жастардың дербестігі, жұмыссыз, білімсіз жолды өздігінен саналы түрде таңдайтын, бос өмір салтын ұстанатын жастар да бар. Жаһандану және жаппай тұтыну үдересінің нәтижесінде қоғамдағы әлсіз топтардың көбеюі, оның ішінде көп балалы отбасылар, мүгедектер, зейнеткерлер, көшіп-қонышулар және т.с.с. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері де жатады, мысалы Италияда отбасылық бизнес кеңінен таралған, ал жастар сол отбасылық бизнесте бейресми түрде жұмыс жасайды. Статистикалық зерттеулерде оларды жұмыс жасамайтын және білім алмайтын жастар қатарына жатқызады. Ерікті түрде әлеуметтік оқшаулану үдерісін таңдайтын жастар да кездеседі, оларды Жапония мемлекетінде басқаша «хикикомори» деп атайды. Субъективті себептерге жастардың жеке тұлғалық, физикалық және психикалық ерекшеліктерін жатқызады. Еуропа мен АҚШ зерттеулерінде NEET жастарының пайда болуына адами капиталдың жетіспеушілігі, оның ішінде білімнің, біліктіліктің және арнайы дағдылардың болмауының әсері атап өтіледі [4]. Сонымен қоса, ғалымдар NEET феномені мектепті ерте аяқтау немесе жарты жолда тастап кету мәселесімен тығыз байланысты дейді. Мысалы, Шотландияда мектеп түлектерінің үштен бір бөлігі мектепті бітіргеннен соң кем дегенде үш жыл бойы NEET санатында болады. NEET статусы ұзақ мерзімді әсер етеді. Олардың негізгілері: тұрақты жұмыс орындарының тапшылығы, кедейшілік қаупі және жалпы әл-ауқаттың төмен болуы. Сонымен қатар, физикалық және психикалық денсаулықтың нашарлауына, қылмыстық әрекеттерге бейімділіктің артуына әкелуі мүмкін. Тұрақты табыстың болмауы олардың отбасының басқа мүшелеріне материалдық тәуелділікті қалыптастырады. Макро деңгейдегі салдарын қарастыратын болсақ, мемлекеттің саясатына, экономикасына, әлеуметтік жағдайына және мәдениетіне кері септігін тигізеді. Ұлыбританияда жастардың жартысы ешқашан жұмыс істемеген, зерттеушілердің айтуы бойынша, олардың орта мерзімді перспективада жұмыссыз қалу және ұзақ мерзімді перспективада төмен жалақы алып тұру қаупі өте жоғары. Сондықтан Ұлыбританияда NEET санатындағы жастардың әр түрлі формалары қарастырылады: «жұмыссыздар», «артта қалған жастар» және «университеттен жұмысқа ауысу кезеңіндегі жастар» [5].

Мәселені шешу мақсатында NEET жастарына қатысты арнайы әлеуметтік технологиялар, бағдарламалар, олардың өмірлік стратегияларын өзгертуге бағытталған әлеуметтік жобалар белсенді жұмыс жасауы қажет. Жастардың осы топқа кіруінің себептері, әлеуметтік-психологиялық сипаттамалары, ішкі және сыртқы факторлары мен өкілдерінің әлеуметтік портреті ескерілуі қажет. Еуропа мемлекеттері жастарға білім беру, кәсіптік даярлыққа қайта оралу және еңбек нарығындағы талаптарды жеңілдету мақсатында жұмыс жасайды. 2020 жылдан бастап «Белсенді жастар», «Жастардың мүмкіндіктерін кеңейту бастамасы», «Жастар стратегиясы» атты бағдарламалар құрылды, олар жастарға білім беру саласында, еңбек нарығында тең мүмкіндіктер беру бойынша нақты іс-қимыл жасауға шақырады. Сонымен қатар, Еуропалық комиссияға барлық мүше мемлекеттер арасында 25 жасқа дейінгі жастардың ресми білім алғаннан кейін немесе жұмыс тапқаннан кейін төрт ай ішінде жұмысқа орналасу, білімін жалғастыру, кәсіптік оқудан өту туралы сапалы ұсыныс алуын қамтамасыз ету үшін "Жастарға кепілдік беру" жобасы жасалды. «Арнайы қаржы құралы» ЕО-тың NEET жастарын жұмысқа орналастыру, қолдау үшін құрылды. Қазіргі таңда Еуропалық әлеуметтік қор жұмыспен қамту қызметтерін жақсартуға, өзін-өзі жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге және өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге инвестициялау арқылы жастардың еңбек нарығындағы интеграциясын тікелей және жанама түрде қолдауды жалғастыруда. Бірқатар мемлекеттерде мектепті ерте аяқтау, білім беру бағдарламаларының кедейлік ауқымы, тіл ерекшеліктері секілді мәселелерге басым назар аударылады. Мысалы, Оңтүстік-Шығыс Еуропа мен Түркияда нормативтік-құқықтық базаны, стратегиялық бағдарламалардың құжаттарын қайта қараудан бастап, мониторинг пен ақпарат жүйелерін пайдалануға, сондай-ақ мұқтаж отбасыларға жеке психологиялық және қаржылық қолдау ұсынуға дейін білім беру саласында маңызды реформалар жүргізілді. Түркияда орта мектепті бітіргенге дейін міндетті білім беру мерзімі ұзартылды. Мектепте оқуды жалғастырудың маңыздылығы туралы хабардар ету үшін кең ауқымды науқандар

ұйымдастырылды. Сонымен қатар, лингвистикалық саясат енгізілді, ол әр түрлі этникалық топтағы студенттерге бағытталды және олар үшін арнайы жұмыс бағдарламалары құрылды. Түркияда мансап мәселелері бойынша консультациялардың рөліне көп көңіл бөлінеді және оқушыларға арналған әдістемелік құралдар жыл сайын жаңартылып тұрады, сондай-ақ мектептерде қауіпті топтағы оқушылармен жұмыс істеуге кеңесші мұғалімдерді оқыту және тағайындау жұмыстары жүргізіліп отырады. Албания мемлекетінде болса, 2011 оқу жылынан бастап 10-шы және 11-ші сыныптарда екі пән енгізілді – "Өмір сүру дағдылары" және "Кәсіптік білім беру". Арменияда 2018 жылдан бері ЖОО-ның студенттерін қолдау шараларын қамтитын мансап орталықтары жұмыс жасайды [6]. Сербия студенттерге жұмыс берушінің талаптарына сәйкес тиісті кәсіби емтихандарды тапсыруды, қажетті тәжірибе алуды, мамандық бойынша оқытуды қамтитын жастарға арналған «Бірінші мүмкіндік» бағдарламасын енгізді. Тунистегі «Amal» бағдарламасы 2011 жылғы төңкерістен кейін бірден енгізілді, ол жастарға оқу және қаржы құралдарын ұсыну мақсатында қызмет атқарады. Молдованың Үкіметінің берген ақпаратына сәйкес, елдегі шағын және орта бизнес секторлары ауылдық жерлердегі жастардың экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған ұлттық бағдарламаны енгізді. 18-30 жас аралығындағы жастарға арналған бағдарлама кәсіпкерлікке тегін оқуды, жеңілдетілген несиелер мен гранттарды қаржыландырудан кейінгі мониторингты ұсынады [6]. Польшада білімді дамытудың «POWER» атты жедел бағдарламасы бар, ол жұмыстың ерекшелігі мен жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы ақпаратты алдын-ала беру арқылы NEET жастарын еңбек нарығына шығу кезеңінде қолдау көрсетеді. Сондай-ақ, Польшада жоғары сынып оқушыларының жеке кәсіпкерлікке деген қызығушылығын оятуға бағытталған «RLG (Reaching the Lost Generation)» бағдарламасы жақсы нәтижелерге ие болды. Италияда 2021 жылы NEET жастарының пайыздық көрсеткіші – 19% болды [2]. Бұл жақта мемлекеттік бағдарламалар тарапынан NEET жастарына жоғары білім алуға мүмкіндік беретін гранттар беріледі. Сонымен қатар, мемлекет жастардың жұмысқа тұруға бағытталған бағдарламаларды да қаржыландырады. АҚШ-та NEET жастарын басқаша «basement dwellers» (ағылшын тілінен аударғанда «жертөле тұрғындары») деп атайды. 2021 жылы олардың көрсеткіші 17,6%-ды құрады [2]. Американдық әлеуметтанушылар NEET жастарының көбісі оқу құнын әлі толықтай төлеп болмаған түлектер және өздігінен баспана сатып алуға немесе жалдап тұруға мүмкіндігі жоқ жастар деп санайды. Сонымен қатар, оқу құнының тым қымбаттылығы жастардың жоғары білімнен бас тартуға итермелейтінін атап өтеді [6]. Мәселені шешу мақсатында, 2013 жылдан бастап Америкада төрт айдан астам жұмыссыз жүрген жастарға білім, кәсіби дайындық алуға немесе жұмысқа тұруға бағытталған арнайы «Youth Guarantee» атты стратегиялық бағдарлама іске қосылды. Бұл стратегиялық бағдарлама бес бағытта жұмыс жасайды: мектептен ерте кетудің алдын-алу шаралары, оқуды тастап кеткендерге уақытша қолдау көрсету шаралары, жоғары оқу орнын бітірген түлектерге жұмысқа орналасуға көмектесу шаралары, жұмыс барысындағы теориялық немесе практикалық кедергілерді жою шаралары, еңбек нарығындағы саяси шаралар.

Қазақстанда әрбір бесінші азамат жас ұрпаққа жатады. Еуропа экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЕЭЫДҰ) мәліметтеріне сәйкес, Қазақстанда 2021 жылы NEET жастарының үлесі 6,7%-ды құрады [1]. Ақпараттық және қоғамдық даму министрлігі бұл көрсеткіш 2020 жылдан қарағанда 0,7%-ға азайғанын мәлімдейді. Облыстар бойынша статистикада Ақмола облысында NEET жастарының көрсеткіші – 8,8%, Қызылорда облысында – 8%, Павлодар облысында – 4,9%, Батыс Қазақстанда – 2,7%. Ең көп көрсеткішті Қарағанды облысы көрсетіп тұр – 9,9% [3]. Еліміздегі атқарушы билік білім алмайтын, жұмыс жасамайтын және кәсіби даярлықтан өтпеген жастардың мәселесін назардан тыс қалдырмауда, олардың санын азайту мақсатында біршама жобалар мен бағдарламалар іске асырылды.

2021 жылы Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы (ЖҚЖК) бойынша 5,5 мың жұмыс орны құрылды. Жұмысшылардың орташа жалақысы 92 мың теңгені құрады [7]. Бұл бағдарламада NEET санатындағы жастарға, жұмыссыз жүрген жастарға және

жұмысты оқуымен бірге ала жүретін студенттерге басымдық беріледі. Келесі бағдарлама бұл 2020-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы, оның мақсаты – жаппай кәсіпкерлікті дамыту және халықты нәтижелі жұмыспен қамту. «Еңбек» бағдарламасы аясында жоғары оқу орындарына түспеген мектеп түлектеріне, кәсіптік білімі жоқ жастарға, қоғамның әлсіз топтарын қазіргі таңда сұранысқа ие мамандықтарға тегін оқытуға мүмкіндіктер берілді. Бағдарлама бойынша 1 жыл ішінде 18,4 мың мектеп түлектеріне университеттерден жолдама берілді [7].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (ҰКП) бірлесе отырып, екі айдың ішінде халықтың табысын арттыру бағдарламасын қабылдауды тапсырды. Оның аясында NEET санатындағы жастарына қатысты «ерте анықтау жүйесі» енгізілді және олардың жұмысқа қабылдануы қамтамасыз етілетіндігі атап өтілді. Сонымен қатар, жастарды кәсіпкерлікке оқыту, шағын бизнестер ашуға гранттар бөлуге мақсатталған жаңа шаралар жоспарланды. «Баршаға арналған тегін кәсіптік техникалық білім беру» (ТЖКБ) жобасы аясында 2021 жылы білім алуға 18 мыңнан астам жастар жіберілді, олар бірнеше салада кәсіптік білім алуға мүмкіндіктер алды: ақпараттық технологиялар, ауыл шаруашылығы, телекоммуникация, құрылыс, энергетика, көлік және т.с.с. Нәтижесінде 2062 мобильдік топ құрылды, оларға оқу бітіргеннен соң жұмысқа орналасу шаралары көрсетілді [7].

ҚР Білім және ғылым министрлігі еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрлар оқыту және даярлау мақсатында келесі бағдарламаларды бекітті. Олар «Мәңгілік Ел жастары – индустрияға!», «Серпін», «Еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлау», «Жас маман». «Мәңгілік Ел жастары – индустрияға!», «Серпін» бағдарламалары шеңберінде 2021 жылы 5656 гранттар бөлінді [7].

«Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту» жобасында 2021 жылы 16,9 мың адам арнайы оқумен қамтылды. Оның ішінде 16 мың адам оқуларын аяқтады, 13 мың адам жұмысқа орналасты, 623 адам өздігінен кәсіпкерлік ашу үшін мемлекеттік гранттарға ие болды [7].

Мемлекет басшысының бұйрығымен «Ұлттық біліктілікті жүйесі туралы» заң жобасы әзірленді. Оның мақсаты – халық арасында сұранысқа ие дағдыларды тану жүйесі, бұл жобаның арқасында бірқатар біліктілікті тану орталықтары ашылды және жобаға қатысушыларға сертификаттаудан өту үшін 1000 ваучер ұсынылды. Әлеуметтік жұмыс орындарына тоқталатын болсақ, қазіргі таңда 5245 жұмыс берушілермен келісімшарт жасалды және 2021 жылы 18,4 мың адам әлеуметтік жұмыс орындарына орналасты. Олардың ішіндегі жастардың пайыздық көрсеткіші – 48% [7].

Қорытындылай келе, елімізде 29 жасқа дейінгі NEET жастардың ішінде 226,3 мыңы арнайы бағдарламалар мен жобаларға қатысуға өтініш жіберді. Оның ішінде 145,4 мың адам тұрақты жұмыспен қамтылды [7]. Дегенменде жоғарыда аталған мәліметтерді және статистиканы ескере отырып, бағдарламалар мен жобаларды іске асыруда бағалау жүргізілмегенін, олардың көбісі мемлекет тарапынан қаржыландырылатындығын, жеке инвестициялар тартылмағанын байқауға болады. 2020 жылы орын алған карантин әсерінен көптеген жұмыс орындарының және ұйымдардың қызметтері шектелді, ал бұл өз артынан жұмыссыздыққа, білім сапасының нашарлауына әкелді, ал деректерде бұл жағдай ескерілмеген. Сонымен қоса, еліміздегі бизнес-ұйымдарының NEET жастарына қатысты қолдау шаралары туралы ақпарат тапшы болып келеді, көп ұйымдардың жастарға ұсынатын бағдарламалары мен жобалары тек өздерінің ресми веб-сайттарында көрсетілген. Ол бағдарламалардың қаншалықты жұмыс жасайтындығы және қандай салаларды қамтитындығы туралы дереккөздер немесе статистикалық көрсеткіштерді саралау қиынға соғады. Өзге елдердің тәжірибесі көрсеткендей, жастардың білім алмауы, жұмыс жасамауы және өзін-өзі дамытпауы бірқатар өзекті мәселелерге әкеледі. Жастар қазақстандық қоғамның негізгі қозғаушы күші болғандықтан, олардың еліміздің бәсекеге қабілетті болуы үшін және нарықтық экономикада табыстарға жетуі үшін қажетті білім мен дағдыларының игеруі аса маңызды болып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. OECD Data 2022, Youth not in employment, education or training (NEET), accessed on 31 March 2022, URL: < <https://data.oecd.org/youthinac/youth-not-in-employment-education-or-training-neet.htm> >
2. explore-education-statistics.service.gov.uk. (n.d.), NEET age 16 to 24, Calendar Year 2021, accessed on 31 March 2022, URL: < <https://explore-education-statistics.service.gov.uk/find-statistics/neet-statistics-annual-brief/2021> >
3. ҚР Ұлттық статистика бюросы 2021, NEET of the youth (at the age of 15-28 years) by regions of the Republic of Kazakhstan